



## **Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздікті төмендетудің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 қазандағы N 995 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 302 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.04.14 № 302 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздікті төмендетудің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары және өзге де ұйымдар Бағдарламада көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін және жыл сайын, 30 маусымға және 30 желтоқсанға олардың орындалуы жөніндегі ақпаратты Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігіне ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі жыл сайын, 10 шілдеге және 10 қаңтарға Бағдарламаның орындалу барысы туралы жиынтық ақпаратты Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
 Үкіметінің  
 2006 жылғы 13 қазандағы  
 N 995 қаулысымен  
 бекітілген

## **Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздікті төмендетудің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасы**

### **Мазмұны**

1. Бағдарламаның паспорты  
 2. Кіріспе

3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау
4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеті
5. Бағдарламаны іске асыру бағыттары мен тетігі
- 5.1. Нормативтік құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру
- 5.2. Халықты компьютерлік сауаттылыққа оқыту үшін оқытушыларды даярлау
- 5.3. Қашықтықтан және күндізгі оқыту нысандары бойынша халықты компьютерлік сауаттылыққа оқыту үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету
- 5.4. Халықты компьютерлік сауаттылыққа оқыту
- 5.5. Бағдарламаны іске асырудың мониторингі жүйесін құру және кезеңдік т а л д а у ж ү р г і з у
- 5.6. Интернетке қол жеткізуге арналған тарифтерді төмендету және халыққа құны бойынша қол жетімді компьютерлік техниканы қамтамасыз ету
- 5.7. Отандық АТ-сы мамандарын даярлау
- 5.8. Ақпаратты-коммуникациялық технологияларды игеруде азаматтардың қызығушылығын қалыптастыру
- 5.9. Бағдарлама іс-шараларының орындалуына қоғамдық қолдауды қ а л ы п т а с т ы р у
6. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландырудың көздері
7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже
8. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

## **1. Бағдарламаның паспорты**

**Атауы** Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздікті төмендетудің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасы

**Әзірлеу үшін негіздеме** Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1471 Жарлығымен бекітілген "Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік б а ғ д а р л а м а с ы "

**Әзірлеуші мемлекеттік орган** Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі

**Бағдарламаның мақсаты** Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздікті төмендету, Қазақстан Республикасында халықтың компьютерлік сауаттылығының және

Интернет желісін пайдаланушылардың деңгейін  
20% - ға жеткізу

**Бағдарламаның  
міндеттері**

Интернет желісін күнделікті өмірде тиімді пайдалану үшін кемінде 20% Қазақстан халқына қолайлы жағдай жасау  
Қазақстан халқының өмірінде ақпараттық ресурстардың әлеуметтік және экономикалық маңыздылығын арттыру

**Іске асыру мерзімі** 2007-2009 жылдар

**Қаржыландырудың көздерімен көлемі**

Бағдарламаның жалпы құны: 15 584 676 мың теңге, оның ішінде республикалық бюджет қаражатынан қаржыландыру көлемі - **13 701 595** мың теңге, оның ішінде жылдар бойынша:  
2007 жылға - 4 901 052 мың теңге;  
2008 жылға - 4 398 361 мың теңге;  
2009 жылға - 4 402 182 мың теңгені құрайды және **1 883 081** мың теңге - жергілікті бюджет, оның ішінде жылдар бойынша:  
2007 жылға - 588 633 мың теңге;  
2008 жылға - 647 224 мың теңге;  
2009 жылға - 647 224 мың теңге.

Тиісті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру кезінде қаржыландыру көлемі анықталатын болады.

**Күтілетін нәтижелер**

Бағдарламаны іске асыру 2009 жылдың аяғына қарай мынадай мақсатты индикаторларға жетуге бағытталады:  
Қазақстан халқының компьютерлік сауаттылығының көрсеткіші - жалпы санынан 20%, ол ағымдағы жағдайдан 15,7%-ға асып түседі;  
Қазақстанда Интернет желісін пайдаланушылардың көрсеткіші - 20% төмен емес, бұл қазіргі сәттегіден 17,2%-ға жоғары

## **2. Кіріспе**

Осы "Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздікті төмендетудің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) "Қазақстан

Республикасында "электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1471 Жарлығын іске асыру мақсатында әзірленді.

Бүгін біздің мемлекет, экономиканың жалпы құрылымындағы қызметтері саласы бөлігінің өсуі мен озық дамуын сипаттайтын және келесі кезеңді индустриалау, экономикалық дамыту сатысы - индустриалдан кейінгі қоғамының құрылысына бағыт алды. Индустриалдан кейінгі қоғамның тұжырымдамасы - өндірістің басты өнімдері болып табылатын ақпарат пен білім, ақпараттық қоғам - мәдениетті дамытудың жаңа тарихтық фазасы болып табылады. Ақпараттық қоғамның айрықша белгілері:

қоғам өміріндегі ақпарат пен білімнің ролін өсіру;  
жалпы ішкі өнімде ақпараттық коммуникациялар, өнімдер мен қызметтер бөлігін өсіру;

мыналарды қамтамасыз ететін ғаламдық ақпараттық кеңістік:

- а) адамдардың тиімді ақпараттық өзара іс-қимылы;
- б) әлемдік ақпараттық ресурстарға олардың қол жеткізуі;
- в) ақпараттық өнімдер мен қызметтерде олардың тұтынушылығын қанағаттандыру болып табылады.

Цифрлық технологияларды қабылдау, оларды әлсіз дамыту болашақтағы ақпараттық қоғамның басымдығы және экономикалық өсуі үшін бүкіл әлемдік жарыста жеңілгенін білдіреді. Нақтылығы бүкіл әлемде ақпараттық кеңістікті шектеуді құра отырып, өндірісті, білімді және адамдардың өмірін түбірімен өзгертеді.

Бүгін Қазақстанда бірыңғай емес, көп өлшемнің негізінде қалыптасқан ақпараттық кеңістігі әртүрлі мүгедектер үшін оларды ақпаратқа бір текті емес қол жеткізуін бірдей емес бөлумен, толығынан жоқтығы ерекшеленеді. Ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тең емес мүмкіндігін білдіретін "ақпараттық теңсіздікті" жою туралы, оның ішінде:

азаматтардың компьютерлік және басқа цифрлық, коммуникациялық техниканы тең емес иелену;

азаматтардың Интернет ресурстарына тең емес қол жеткізу;  
компьютерлік технологияларды пайдалану дағдыларын азаматтардың тең емес иелену мәселелері тұр.

Ақпараттық теңсіздік аумақтар, ірі, орта және ұсақ елді мекендермен, қалалар және ауылдар арасында пайда болады. Ірі қалаларда ғылыми-білімдік әлеуетін әлдеқайда шоғырландыру байқалады, ол орта және ұсақ мекендерден өздерінің мүмкіндіктері бойынша әлдеқайда оларды айырықшылайды.

Осы Бағдарлама ақпаратты-коммуникациялық және инновациялық

технологияларды кеңірек пайдалану және ақпараттық теңсіздікті жеңу бойынша Қазақстан Республикасында жағдайларды жасауға бағытталған.

Бағдарламаны іске асыру мемлекеттік органдардың бағдарламаларын салалық және жергілікті атқарушы органдардың өңірлік бағдарламаларын ескере отырып іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі - жоспар) орындау жолымен орындалатын б о л а д ы .

Бағдарламаның жұмыстарын үйлестіру және іске асырылуын бақылау ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен жүзеге асырылады.

### **3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау**

**Ескерту. 3-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.30 № 2305 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.**

"Ақпараттық теңсіздіктің" проблемасы жаһандық және адам табысының тәуелділік феноменіне, оның компьютерлік және телекоммуникациялық революцияға қатынасы, сондай-ақ, жекелеген мемлекет пен қоғамның даму деңгейімен тығыз байланысты болып табылады. Проблеманың мәні әлеуметтік және экономикалық мақсаттардың жетістіктері үшін ұсынылатын қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың мүмкіндігіне теңсіз қол жеткізуден тұрады. Бұл адамзат әлеуетінің жеткіліксіз деңгейімен де, адамдарда қажетті аппараттық және бағдарламалық құралдардың, сондай-ақ коммуникацияларға қол жеткізуінің болмауымен де байланысты.

Жыл сайын британдық "Экономист" (2006 ж.) журналының талдау бөлімі өткізетін Бүкілдүниежүзілік Банк деректері бойынша (2006 ж.), Қазақстан соңғы "2005 жылғы е-дайындық рейтингіде" 68 елдің ішінде 64 орынды алды, ал Ресей мен Украина тиісінше 52 және 61-орынды иеленді. Осы рейтинг Интернет желісіне қосу, бизнес орта, құқықтық, саяси, әлеуметтік және мәдени орта, электрондық қызметтерді қолдау мүмкіндігі сияқты осындай санаттарды қоса алғанда, 100-ге жуық сандық және сапалық өлшемдерден тұратын орташа өлшенген индекс арқылы елдің электрондық бизнес ортасын өлшейді.

Одан басқа, Қазақстан жағдайды жақсартуда тұрақты прогресті көрсететінін атап өту қажет. Бұл туралы БҰҰ жүргізілген 2005 жылғы электрондық үкіметке жаһандық дайындық туралы есебінің деректерінде айтылған. Электрондық үкіметке елдің және оның қоғамының дайындық деңгейін бағалайтын бүкіл дүниежүзілік 179 елдердің рейтингінде Қазақстан 65 орынды алады, оған қоса веб-өлшемдердің индексі\*, телекоминфрақұрылымы\*\* және адамзаттық капитал\*\*\*. 2005 жылы Қазақстанның рейтингі 2004 жылмен салыстырғанда 4 позицияға жақсарды, 2003 жылға қарағанда 14 тармаққа жоғары.

Еуропа сегіздігіндегі елдер 19 және 40-орындар арасындағы кластерде орын

алады, ал жетекші бес ел - Құрама Штаттар, Дания, Швеция, Ұлыбритания және Корея Республикасы - бірнеше жыл қатарынан дәйекті түрде жоғарғы балл алып жүрді.

Еуропа сегіздігі елдерінен және басқа да жетекші елдерден Қазақстанның артта қалуының негізгі себебі телекоммуникациялар бойынша оның нашар баллдық бағасымен қорытындылады. Деректер көрсеткендей елде телефондық желілердің бар болуы абсолюттік білдірімде барынша төмен. Елдің 1000 тұрғынына телефондық желілердің тиімді тығыздылығы 17,91 құрайды, ол ортадан төмен табыспен елдің орта деңгейінен төмен.

Алайда бірқатар жағымды үрдістер бар. 1999 және 2004 жылдар кезеңінде, жылдық өсімнің жиынтық қарқыны кезінде (ЖӨЖК) 8,5%-ға ұлғайды. 100 тұрғынға магистральдық телефондық желілердің саны көбейді. ЖӨЖК ескерулі, мобильдік желілік абоненттер сол кезеңге 123,5% өсті.

Бұған 2005 жылға Интернетті пайдалану туралы Халықаралық телекоммуникациялар жөніндегі одақтың деректеріне сәйкес, Қазақстанда - 400 000 Интернетті пайдаланушылар немесе жалпы халықтың санынан 2,7% төменгі табыс деңгейіндегі ел үшін орташадан сәл ғана көп. Салыстырма үшін Оңтүстік Кореяда, Сингапурда, Жапонияда Интернетті пайдаланушылар пайыздық ара қатынасы 67% құрайды, Ұлыбританияда - 63%, Данияда - 70%, АҚШ және Канадада - 68%, Ресейде - 16,5% және Эстонияда - 50%. Интернет-хостар саны Қазақстанның 10 000 тұрғынына тек қана 14,69 құрайды, олай болса Ресейде - 59,24, ал Украинада 27,03. Сонымен қатар статистика Интернетті пайдаланушылар тұрақты өсім санын көрсетеді, 2000-2005 жылдардағы Қазақстанның 471,5% құрады, Ресейде ондай көрсеткіш 664,5% құрады, Эстонияда - 82,8%, Канадада - 67,8%, Ұлыбританияда - 145,5%.

Барлық жоғарыда көрсетілген елдер ендігі ақпараттық теңсіздікті жеңу бойынша мемлекеттік, аймақтық және жаһандық бағдарламаларды жүргізді және жүргізуін жалғастыруда, тұтастай мынадай іс-шаралар топтарына табыстырады:

телекоммуникациялық инфрақұрылымды жақсарту;  
қол жетімді көпарналы инфрақұрылымды қамтамасыз ету;  
мемлекеттік органдардың электрондық қызметтеріне қоғамдық қол жеткізуді  
жақсарту;

жалғыз терезе қағидаты бойынша халыққа әмбебап қызмет көрсету  
орталығына ацент;

"электрондық үкіметке" халықтың сұранысын арттыру;  
тұтас топтармен стратегиялық коммуникациялардың білгірлігін жоғарлату;  
халықты электрондық сауаттылыққа оқыту.

Сонымен, мысалға жалпыеуропалық "Барлығы үшін ақпараттық қоғам" іс-қимылының жоспары Интернет арқылы жұмыс жасау үшін мүмкіншілік және

тренингтік қызметтерді беруімен Интернетке және телеорталыққа қоғамдық қол жеткізу орталықтарын ендіру, орталықтандырылмаған сертификаттау рәсімдерімен ақпараттық технологиялар (бұдан әрі - АТ) саласында жалпыеуропалық стандарттың дағдысын енгізу, оқытушыларды оқыту, мультимедиялық оқу материалдарын әзірлеу, электрондық оқу және тренинг сияқты, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық секторын күшейту және жақсарту жөніндегі мемлекеттік бағдарламалары осындай бағыттарды қосты.

Қазақстанның ағымдағы жағдайын талдау және ақпараттық теңсіздікті жеңу саласында әлемдік тәжірибені үйрену, шараларды жүргізудің өткір қажеттілігін көрсетеді, мыналарға бағытталған:

қысым жасалған топтарға ерекше назармен компьютерлік сауаттылықты жоғарлату және әлеуеттерін күшейту (оның ішінде тұрмысы төмендерге, жетімдерге және жұмыссыздарға);

жаңа бәсекеге қабілетті деңгейдегі ұлттық АТ-мамандарын дамыту; интернет желісіне қол жеткізу бағасын төмендету, сондай-ақ ұсынылатын АКТ қызметтерінің әртүрлігін және сапасын жақсарту мақсатында телекоммуникациялар нарығында бәсекелестікті нығайту;

білім беру қызметтерін көрсету және Интернет желісіне жұртшылықтың қол жеткізу инфрақұрылымын кеңейту, жеке пайдалану үшін аса қол жетімді компьютерлерді қамтамасыз ету;

ақпараттық теңсіздікті төмендету үдерісіне халықтың қалың тобын тарту және жұртшылық тарапынан бағдарламаны қолдауды қамтамасыз ету мақсатында және Бағдарламаның іске асырылу барысын жан-жақты жария ету.

Қорытындысында осы шаралар Қазақстан халқының компьютерлік сауаттылығын арттыруға әкелуге тиіс, Интернет желісін пайдаланушылардың санын әртүрлі мақсаттарда (жеке өзін дамыту, жұмыс үшін және күнделікті өмірде) 20%-ға дейін арттыру.

---

\* Веб-өлшем - ресми интернет-ресурста және/немесе салалық сайттарда арнайы электрондық құралдардың/қызметтердің бар болу/жоқ болмау өлшемі мысалға, денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша.

\*\* Телеком-инфрақұрылым индексі - орташа өлшенген индекс, 1000 тұрғынға ДК саны, Интернетті пайдаланушылар, телефондық желілері, мобилдік телефондар мен телевизорлар сияқты, сондай-ақ, осындай санаттар бойынша он-лайн режимінде жұмыс жасайтын халықтың саны.

\*\*\* Адамзат капиталының индексі БҰҰДБ-ның "білім беру индексіне" иек артады.

#### **4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеті**

Осы Бағдарламаның негізгі мақсаты Қазақстанда халықтың компьютерлік сауаттылығының және Интернет желісін пайдаланушылардың деңгейін 20 %-ға жеткізу болып табылады.

Бағдарламаның мақсатына жетуі мынадай міндеттерді орындаумен қамтамасыз етіледі:

Қазақстан халқының кемінде 20%-ы Интернет желісін күнделікті өмірде тиімді пайдалануы үшін қолайлы жағдай жасау;

Қазақстан халқының өмірінде ақпараттық ресурстардың әлеуметтік және экономикалық маңызын арттыру.

#### **5. Бағдарламаны іске асыру бағыттары мен тетігі**

Бағдарламаның міндеттерін іске асыру мынадай іс-шаралардың орындалуымен қамтамасыз етіледі:

1. Нормативтік құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру.
2. Халықты компьютерлік сауаттылыққа оқыту үшін оқытушыларды даярлау.
3. Қашықтықтан және күндізгі оқыту нысандары бойынша халықты компьютерлік сауаттылыққа оқыту үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету.
4. Халықты компьютерлік сауаттылыққа оқыту.
5. Бағдарламаны іске асырудың мониторингі жүйесін құру және кезеңдік талдау жүргізу.
6. Интернетке қол жеткізу тарифтерін төмендету және халықтың компьютерлік техниканың құны бойынша қол жетімділігін қамтамасыз ету.
7. Отандық АТ-сы мамандарын даярлау.
8. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеруде азаматтардың қызығушылығын қалыптастыру.
9. Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі бағдарламаның іс-шараларын орындауға қоғамдық қолдауды қалыптастыру.

Бағдарламаның орындалуы іс-шаралар жоспарын іске асыру жолымен жүзеге асырылады.

Бағдарламаны іске асыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын, ақпараттандыру үдерістерін қалыптастыру және дамыту бойынша жұмыстарды үйлестіру жөніндегі ведомствоаралық Комиссия жүзеге асырады.

Бағдарламаның іске асырылуы мен бақылауын ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті органмен жүзеге асырылатын болады.



Бірыңғай техникалық саясатты іске асыру мақсатында бағдарламаның іс-шараларын орындау кезіндегі оқу орталықтарының жобаларын басқару және техникалық сүйемелдеу функциялары ақпараттандыру саласындағы ұлттық операторға жүктелетін болады.

### **5.1. Нормативтік құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру**

Нормативтік құқықтық және әдіснамалық қамтамасыз етуді дамыту қазіргі заманғы техникалық құралдарды игеру және ақпаратты-коммуникациялық технологияларға, ақпараттық ресурстарға және оларды пайдалануға азаматтардың құқықтарын қамтамасыз етуге қол жеткізу әдістері бойынша тең мүмкіндігін Қазақстанның халқы үшін құруға қатысты ақпараттандыру саласындағы қатынастарды реттеуге бағытталатын болады.

Нормативтік құқықтық және әдіснамалық қамтамасыз етуді жетілдіру жөніндегі іс-шараларды іске асыру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық нормаларына сәйкес және жүйелілік, объективтік ұстанымдарымен жүзеге асырылатын болады.

Бағдарламаның алдына қойған мақсаттарына жету үшін құқықтық негіздемелерді қалыптастыру мақсатында мынадай іс-шаралар көзделетін болады :

білім беру деңгейін тиісті сертификаттай отырып АКТ бойынша курстарды білім беру, мәдениет және денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жүйесін оқу жоспарына енгізу;

мемлекеттік қызметке қабылдау және мемлекеттік қызметшілерді аттестаттау кезінде компьютерлік сауаттылықты растайтын құжаттың болу міндеттілігін енгізу ;

білім беру, мәдениет және денсаулық сақтау саласындағы қызметкерлерді кезеңдік аттестаттаудан өткізу кезінде компьютерлік сауаттылықты растайтын құжаттың болу міндеттілігін енгізу;

халықты компьютерлік сауаттылыққа оқыту және тестілеуді жүргізудің тәртібі туралы ережесін әзірлеу;

**Ескерту. 5.1.-кіші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.11.07 N 1058 Қаулысымен.**

### **5.2. Халықты компьютерлік сауаттылыққа оқыту үшін оқытушыларды даярлау**

Білікті оқытушы кадрларды даярлау халықты компьютерлік сауаттылыққа оқытудың маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Осыған байланысты мынадай іс-шараларды орындау жоспарлануда:

"Компьютерлік сауаттылық" оқу бағдарламасын әзірлеу және бекіту;  
Оқытушыларды даярлау және компьютерлік сауаттылыққа қашықтықтан оқыту мен сертификаттау жөніндегі орталығын құру, оны аппаратты-техникалық қамтамасыз ету;

Қазақстанның барлық өңірлері үшін (компьютерлік сауаттылықты растайтын, құжатты (сертификат) берумен) АТ-мамандығының 1000 оқытушылары мен 2000 студенттер-практиканттары үшін компьютерлік сауаттылықтың тренингтік курстарын жүргізу.

### **5.3. Қашықтықтан және күндізгі оқыту нысандары бойынша халықты компьютерлік сауаттылыққа оқыту үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету**

Компьютерді және басқа да ақпараттық технологияларды пайдалану дағдысын меңгеру қазіргі өмірдің ажырамас бөлігі болып тұр. Осыған байланысты мемлекеттік және орыс тілдеріндегі оқу-әдістемелік құралдарды, электрондық оқулықтарды (қашықтықтан және автономды оқыту үшін), сондай-ақ білімін бақылау бойынша тестерді және бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеуін қосқанда, халықты компьютерлік сауаттылыққа оқыту үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуін дамытуға көңіл бөлінетін болады.

### **5.4. Халықты компьютерлік сауаттылыққа оқыту**

**Ескерту. 5.4. кіші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.05.08 N 435 Қаулысымен.**

Осы бағыттың негізгі мақсаты Қазақстанда компьютерлік технологиялар саласындағы халықтың сауаттылық үлесін 20%-ға дейін ұлғайту үшін жағдай жасаудан тұрады.

Қойылған мақсат халықты компьютерлік сауаттылыққа оқыту орталықтарының инфрақұрылымын дамыту, сондай-ақ әртүрлі жіктегі халықтың компьютерлік сауаттылығын арттыруға бағытталған бірқатар іс-шаралар есебінен жететін болады:

Қазақстанның өңірлерінде орталық мемлекеттік органдардың облыстық және аудандық бөлімшелерінің, жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілерін оқытуды ұйымдастыру (877491 адам - 0,58 %);

Қазақстанның өңірлерінде халықты оқытуды ұйымдастыру (666 135 адам - 4,44 %);

әскери қызметшілерді компьютерлік сауаттылыққа оқытуды ұйымдастыру (62 560 - 0,41 %);

балалар үйлерінде 69 компьютерлік сыныптарды құру (6 ДК-ден) (компьютерлік және ұйымдастыру техникасын, лицензияланған бағдарламалық

қамтамасыз етуді сатып алу, оларды балалар үйлеріне тапсыру, 47 610 адам - 0,3 % ) ;

мектептерде 9, 10, 11 сынып оқушыларын, кәсіби мектептерді, колледждерді және жоғарғы оқу орындарының студенттерін тестілеуді ұйымдастыру (990 000 - 6,6 % ) ;

Қазақстанның өңірлерінде "жазғы компьютерлік мектептерде" халықты оқытуды ұйымдастыру (330 000 адам - 2,2 %);

холдингтер, ұлттық компаниялар және акционерлік қоғамдардың қызметкерлерін компьютерлік сауаттылыққа оқытуды және сертификаттауды (180 000 - 1,2 %) ұйымдастыруды қосқанда.

Азаматтардың компьютерлік сауаттылығын анықтайтын өлшемдер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің, Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің бірлескен бұйрығымен бекітілген бағдарламаның "Компьютерлік сауаттылық" курсына оқыту және осы курс бойынша табысты жүргізілген тестілеу болып табылады.

### **5.5. Бағдарламаны іске асырудың мониторингі жүйесін құру және кезеңдік талдау жүргізу**

Бағдарламаны іске асыруды бағалауға бірыңғай әдістерді жүзеге асыру мақсатында халықтың Интернет қызметтеріне қол жеткізу деңгейін және компьютерлік сауаттылығының деңгейін анықтау үшін статистикалық ақпараттарды жинақтау және өңдеу әдістерін әзірлеу және жалпы статистикалық индикаторларды анықтауды қарастыратын мониторингі мен талдауды жүргізудің әдіснамалық базасы әзірленетін болады.

Бұл ретте талдау ақпараттарын даярлауды және мәліметтерді жинауды қамтамасыз ететін негізгі іс-шаралар:

статистикалық ақпараттарды жинақтау әдістерін әзірлеу және халықтың компьютерлік сауаттылығының индикаторларын анықтау жөніндегі консалтингтік жұмыстарды жүргізу;

Интернет-ресурстарды пайдалану бойынша статистикалық ақпаратты жинақтау әдістерін әзірлеу және Интернет желісін пайдаланушылардың санатын анықтау жөніндегі консалтингтік жұмыстарды жүргізу;

халықтың компьютерлік сауаттылығын арттыру серпіні мен нәтижелерін талдау, тиісті ақпараттарды жинақтаудың әзірленген әдістерін пайдалана отырып Интернет желісін пайдаланушылардың санаттары мен Интернет-ресурстарын пайдаланудың дәрежесін, халықтың компьютерлік сауаттылығының деңгейін анықтау жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

Қазақстан халқының өмірінде Интернеттің маңызының дәрежелері мен өлшемдерін анықтау жөніндегі жұмыстарды жүргізу;  
халықты компьютерлік сауаттылыққа оқытудың нәтижелерін талдау және мониторингін жүргізу;  
оқытылатын компьютерлік сауаттылықтың мониторингін жүргізу;  
Қазақстанда ақпараттық теңсіздікті төмендету бойынша іс-шараларды іске асыруға қатысу үшін жеке бизнесті тарту тетігін әзірлеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу.

### **5.6. Интернетке қол жеткізуге арналған тарифтерді төмендету және халыққа құны бойынша қол жетімді компьютерлік техниканы қамтамасыз ету**

Осы бағыттың негізгі мақсаты Қазақстанның әл-ауқаты деңгейінен және олардың өмір сүру орнына тәуелсіз барлық санаттағы азаматтарын ашық ақпараттық ресурстарға қосу үшін жағдайды қамтамасыз ету.

Қойылған мақсат Интернетке азаматтардың қол жеткізуін қамтамасыз ету үдерісінің мониторингін ұйымдастырудың және бар телекоммуникациялық қамтамасыз ету инфрақұрылымның даму есебінен жетістікке жетуге болады.

О с ы ғ а н б а й л а н ы с т ы :

Телефон желілері бойынша Интернетке қол жеткізу үшін төмендету;  
бөлінген желілер бойынша Интернет желісіне қол жеткізуге тарифтерді төмендету; барлық мектептерді Интернет желісіне тегін қол жеткізу;

Интернет - Мегалайн - Хит желісіне лимитсіз кең жолақты қызметіне тарифтерді төмендету;

қазақстанда телефондық және оптикалық талшықтық желілерді дамыту;  
(Wi-Fi) сымсыз байланысы арқылы Интернет желісіне қол жетімділігін беруді дамытуды қамтамасыз ету талап етіледі.

Компьютерлік техниканы сатып алу үшін халыққа жағдайлар жасау мақсатында ақпараттық технологиялар Паркінің базасында құны бойынша қол жетімді компьютерлерді шығару жоспарлануда, сондай-ақ, олармен компьютерлік техниканы сатып алған кезде азаматтарды екінші деңгейдегі банктермен немесе өзгеде қаржылық ұйымдармен жеңілдік несиелеу.

### **5.7. Отандық АТ-сы мамандарын даярлау**

Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздікті төмендету бағдарламасындағы маңызды бағыт АКТ саласындағы отандық жоғары білікті кадрлық әлеуетті даярлау болып табылады.

Осы бағыттағы негізгі міндеттер - АКТ саласындағы мамандардың

номенклатурасын анықтау мен кеңейту, ақпараткоммуникациялық технологиялар саласындағы мамандар мен педагогтық кадрлардың фундаменталді даярлау білімін жетілдіру, АКТ саласындағы Қазақстанның ғылыми әлеуетін дамыту, АКТ саласындағы жоғарғы білім мен ғылымды біріктіру, ЖОО және мектептерде ақпараткоммуникациялық технологиялар жөніндегі оқу бағдарламаларын жетілдіру, ЖОО және мектеп оқушыларының өмірінде АКТ рөлін арттыру, білімі жоғарғы софтверлік компаниялармен және компьютерлік техниканы шығарушылармен кәсіби-техникалық мекемелердің ынтымақтастығы үшін қ о л а й л ы ж а ғ д а й л а р ж а с а у .

Отандық АТ-саласындағы қажеттілік өсімінен АТ-сы мамандарын даярлау қарқынының қалып қоюын қысқарту, сондай-ақ мамандандырылған АТ-кадрларын (тестілеушілердің, АТ-жобалары менеджерлерінің және басқа да компьютерлік мамандарды) даярлау және біліктілік деңгейін жоғарылату мақсатында мынадай іс-шаралар іске асырылатын болады:

менеджменттер мен ақпараттық технологиялар саласында қашықтықтан және күндізгі оқытудың оқу-консалтингтік орталығын құру;

қазақстандық ақпаратты-білімдік ақпараттық технологиялар Интернет университетін ұйымдастыру;

АКТ саласындағы жетекші білім, тренингтік ұйымдармен халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

## **5.8. Ақпаратты-коммуникациялық технологияларды игеруде азаматтардың қызығушылығын қалыптастыру**

**Ескерту. 5.8-кіші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.30 № 2305 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.**

Осы бағыттағы негізгі мақсат ақпаратты-коммуникациялық технологияларды игеруде азаматтардың қызығушылығын ынталандыру болып табылады. Қойылған мақсат Интернет желісінде электрондық сервистер саласын кеңейту есебінен қазіргі заманғы АКТ игеру мен компьютерлік сауаттылыққа оқуда, халықтың тұтынушылығын арттыруға бағытталған шаралар жүйесін құру ж о л ы м е н ж е т е т і н б о л а д ы :

ақпаратты-танымдық, ақпараттық көңіл көтеру порталдарында ақпараттық ресурстардың зияткерлік іздестіру жүйесін әзірлеу;

республикалық және облыстық БАҚ-тың меншікті интернет-ресурстарын құру және өзектіленуінің мониторингі мен бақылауын ұйымдастыру;

индустрия және сауда саласындағы ақпаратты-танымдық веб-порталын құру және өзектіленуін қамтамасыз ету;

заңды тұлғалардың ақпараттық веб-порталын құру және өзектіленуін

қ а м т а м а с ы з

е т у ;

ақпараттық технологиялар саласындағы ақпаратты-танымдық веб-порталын құру және өзектіленуін қамтамасыз ету;

"Ұлттық-мұра" ақпаратты-танымдық веб-порталын құру және өзектіленуін қ а м т а м а с ы з е т у ;

"Қазақстанның кітапханасы" электрондық мемлекеттік кітапханалық қорын қ а л ы п т а с т ы р у ;

денсаулық сақтау саласындағы ақпаратты-танымдық веб-порталын құру және өзектіленуін қ а м т а м а с ы з е т у ;

қазақстандық білім беру ақпаратты-танымдық веб-порталын құру және өзектіленуін қ а м т а м а с ы з е т у .

Компьютерлік сауаттылыққа оқыту үшін халықты тарту мақсатында қосымша ынталандыруды құру жоспарлануда:

тыңдаушыларға 10 сағат Интернет желісінде тегін жұмысты беру; кез келген күрделі деңгейдегі сертификаттаудан өткен компьютерлік сауаттылық курстарын тыңдаушылар үшін компьютерлік техниканы, компьютерлік әдебиеттерді және Интернет желісінің қызметтерін сатып алған кезде шегерімдерінің жүйесін енгізу;

"электрондық үкімет" порталында журналдың электрондық болжамасын орналастыру және (қазақстандық сайттардың каталогы) "Қазақстанның сары беттері" журналын шығару.

## **5.9. Бағдарлама іс-шараларының орындалуына қоғамдық қолдауды қалыптастыру**

**Ескерту. 5.9-кіші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.30 № 2305 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.**

Осы бағыт шеңберінде мынадай іс-шараларды жүзеге асыру жоспарлануда:

Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздікті төмендету жөнінде халықаралық сараптамашылардың қатысуымен бейнеконференцияларды, с е м и н а р л а р д ы ө т к і з у ;

Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздікті төмендету бағдарламасының іс-шараларын іске асыру барысында БАҚ (жарнамалық материалдар, PR-мақалалар, ТД-роликтері, баспаматериалдары - үндеу хаттар, плакаттар және интернет-ресурстар) арқылы мемлекеттік және орыс тілдерінде ж а р и я е т у ;

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің Қазақстанның статистикалық жылнамасында компьютерлік сауаттылықтың және Интернетті пайдаланушылардың көрсеткіштерін жариялау;

казакстандық интернет-ресурстардың мемлекеттік және мемлекеттік емес конкурстарын өткізу;

өңірлерде ақпараттық технологиялардың айлығын жүргізу:

Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздікті төмендету бағдарламасы бойынша дөңгелек үстелдерді өткізу;

ақпараттық технологиялар мамандарының лауазымының бос орындарына жәрмеңкелерді және АКТ бойынша көрмелерді ұйымдастыру;

жоғарғы оқу орындарында, колледждерде, кәсіби мектептерде және мектептерде бағдарламалау бойынша конкурстарды ұйымдастыру;

шектелген мүмкіндіктерімен ауыл халқы мен адамдарды Интернет желісіне тегін қол жеткізуін қамтамасыз ету;

компьютерлік курстарын тегін оқытуды жүргізу;

шектелген мүмкіндіктерімен оқушылар, студенттер және адамдар үшін құны 50%-ға төмендетілген компьютерлерді сату бойынша акция;

АТ-сы мамандарын даярлауды қамтамасыз ететін техникалық жоғарғы оқу орындарында "Ашық есіктер" күндерін өткізу.

## 6. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландырудың көздері

Бағдарламаны қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен жүзеге асырылады.

Жоспарланған іс-шаралардың есебі бойынша және сараптамалық баға негізінде Бағдарламаның жалпы құны: 15 584 676 мың теңгені құрайды, республикалық бюджет қаражатынан қаржыландыру көлемі **13 701 595** мың

теңгені құрайды, оның ішінде:

2007 жылға - 4 901 052 мың теңге,

2008 жылға - 4 398 361 мың теңге;

2009 жылға - 4 402 182 мың теңге

және жергілікті бюджет - 1 883 081 мың теңге, оның ішінде жылдар бойынша

:

2007 жылға - 588 633 мың теңге,

2008 жылға - 647 224 мың теңге;

2009 жылға - 647 224 мың теңге.

Көрсетілген шығыстар сервистік жүйелі-техникалық қызмет көрсетуге және Интернет қызметінің ағымдағы шығынына **1 124 804** мың теңге көлемінде кіреді,

оның ішінде жылдар бойынша:

2007 жылға - 269 042 мың теңге;

2008 жылға - 426 040 мың теңге;

2009 жылға - 429 722 мың теңге.

Осы бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында қаржыландыру көлемі кесінді бағытында көрсетіледі.

Бағдарламаға түзету енгізу Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттен қаржыландыру көлемінің өзгерту бөлігінде жүзеге асырылады.

Қаржыландырудың мөлшері тиісті қаржылық жылға республикалық және жергілікті бюджетті қалыптастырған кезде анықталатын болады.

## 7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже

Бағдарламаны табысты іске асыру Қазақстанға мынадай көрсеткіштерге жетуіне мүмкіндік береді:

1) Қазақстан халқының компьютерлік сауаттылығы 20%-дан төмен емес, ол ағымдағы жағдайдан 15,7%-ға асып түседі;

2) Қазақстанда Интернетті пайдаланушылар халықтың жалпы санынан 20%-дан төмен емес, бұл қазіргі сәттегіден 17,2%-ға жоғары; отандық АТ-сы мамандарының кәсіби сапаларын арттыру;

Интернет желісінің қазақстандық сегментін өзектіленген және танымдық ақпаратпен толықтыру;

Интернет желісін пайдаланудың арзан тарифтік жоспарларымен және халықты құны бойынша қол жетімді компьютерлік техникамен қамтамасыз ету; барынша пайдалануға бағытталған "электрондық үкіметтің" қызметтерімен Қазақстан халқын белсендіру.

Осы көрсеткіштерге жету қоғамның инфрақұрылымын дамытуға және Қазақстанды индустриалдық қоғамнан индустриалдан кейінгі - ақпараттық-қоғамға даярлауға жәрдемдеседі.

## 8. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕҢСІЗДІКТІ ТӨМЕНДЕТУДІҢ 2007-2009 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

Ескерту. 8-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.11.07 N 1058, 2008.05.08 N 435, 2009.12.30 № 2305 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулыларымен.

р / с N	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімі	Болжанып отырған шығыстар (мың теңге )			Қаржыландыру көзі
					2007	2008	2009	
1	2	3	4	5	6	7	8	9



